

БЕКІТІЛГЕН
«Өрлеу» біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы»
акционерлік қоғамының
Директорлар кеңесінің
2023 жылғы 11 қазандағы шешімімен
(2023 жылғы 11 қазандағы №115-СД хаттама)

**«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы
жұмыскерлерінің корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі**

Кіріспе

Осы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) жұмыскерлерінің корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі Қоғамның барлық жұмыскерлері өзінің күнделікті қызметінде басшылыққа алатын қағидаттар мен ережелердің жиынтығын білдіреді.

Қоғам жұмыскерлерінің корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі (бұдан әрі - Кодекс) корпоративтік басқарудың және іскерлік мінез-құлықтың әлемге танылған тәжірибесінің талаптарын ескере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес әзірленді. Корпоративтік әдеп кодексі Қоғамның ішкі корпоративтік құжаттарының құрамдас бөлігі болып табылады.

Осы Кодекстің мақсаты жалпыға бірдей қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, Қоғамда корпоративтік мәдениетті дамыту, мінез-құлықтың озық тәжірибелерін қолдану арқылы әріптестермен және мүдделі тұлғалармен тиімді өзара іс-қимыл жасау болып табылады.


Білім беру саласындағы жұмыс Қоғам жұмыскерінің моральдық-этикалық келбетіне жоғары талаптар қояды.

Осы Кодекс корпоративтік әдеп және мінез-құлық қағидаттарын, нормаларын бекітеді, Қоғамда корпоративтік мәдениетті дамытуға және іскерлік мінез-құлық тәжірибесін қолдану арқылы мүдделі тұлғалармен тиімді өзара әрекеттесуге жәрдемдеседі.

Жаңадан қабылданған жұмыскер жұмысқа орналасу кезінде, кадр қызметі оны осы Кодекстің мәтінімен міндетті түрде таныстыруға тиіс.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1) Кодекс Қоғамның келесі этикалық құндылықтарын бекітеді:



Құрмет - біз өз жұмыскерлерімізді, әріптестерімізді құрметтейміз. Біз әр жұмыскердің құқықтары мен пікірлерін құрметтейміз. Біз бәсекелестеріміз бен іскери серіктестерімізді құрметтейміз. Жеке тұлғаны құрметтеу бізге талантты жұмыскерлерді тартуға және ұстап қалуға мүмкіндік береді.

Әділдік – біздің түсінігімізде бұл жұмыс нәтижелерін және жұмыскерлердің Қоғам қызметіне қосқан жалпы жеке үлесін бағалау әділдігі. Әділеттілік - бұл қарапайым ұғым емес, бұл Қоғамның әр жұмыскері күн сайын қорғайтын құндылық.

Құзыреттілік - жұмыскердің еңбекті ұтымды ұйымдастыра білуі, жұмыс орнындағы тайм-менеджмент.

Даму - жұмыскердің жеке даму мен жетілуге деген тұрақты ұмтылысы.

2-бөлім. Корпоративтік әдеп және мінез-құлық нормалары

2.1 Корпоративтік мәдениет


Қоғамның корпоративтік мәдениеті жұмыскерлердің бір-біріне деген өзара құрметіне негізделген. Қоғам жұмыскерлердің Қоғам өміріне белсенді қатысуын және корпоративтік дәстүрлерді қолдауына қолдау көрсетеді, бұл корпоративтік мәдениет пен ішкі ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

Қоғам жұмыскерлері киімнің ұстамды және ұқыпты стилін (іскерлік киім стилін) сақтауы керек. Қоғамның лауазымды тұлғасы мен жұмыскерінің қызметтік міндеттерін атқару кезінде сыртқы келбеті Қоғамның беделін нығайтуға ықпал етуге тиіс. Жұмыскердің сыртқы келбеті - табысқа жетудің алғашқы қадамы, Қоғам үшін жұмыскердің сыртқы келбеті маңыздылық дәрежесін көрсететін және Қоғамның беделін нығайтуға ықпал ететін үлгі болады.

Қоғамда жұмыскерлер мен мүдделі тұлғалар арасындағы қарым-қатынастағы адалдық пен әділеттілік көтермеленеді. Жұмыскер құқықтарының бұзылуына әкелетін фактілер мен кез келген жағдай Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес қаралуы керек.

Қоғам Қоғамның дамуы үшін іске асырылуы маңызды болуы мүмкін жұмыскерлердің кез келген идеяларын бағалайды және барлық жағынан көтермелейді. Қоғам әр жұмыскер Қоғамның ішкі ережелері мен қағидаларын сақтамағаны үшін өзінің жауапкершілігін сезінетін ашықтық ортасын сақтауға тырысады. Қоғамның барлық жұмыскерлері мәдени және/немесе спорттық іс-шараларға қатыса алады.

Қоғамның бұған уәкілеттік берілген жұмыскерлері ғана Қоғамның бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде әлеуметтік желілерде көпшілік алдында сөз сөйлеуге, Қоғам оқиғаларына түсініктеме беруге немесе Қоғам атынан қандай да бір мәлімдеме жасауға құқылы.



Қоғам жұмыскерлері өздерінің беделі мен Қоғамның беделіне нұқсан келтірмей, пікірталастарды дұрыс жүргізуі керек.

Қоғам жұмыскерлері мемлекеттік саясат және қызметтік қызмет мәселелері бойынша өз пікірлерін ашық білдірмеуге тиіс, егер ол:

- 1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;
- 2) қызметтік ақпаратты ашса;
- 3) мемлекеттің лауазымды тұлғаларының, Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің атына әдепке жат сөздерді қамтыса.

Жұмыскерлердің Қоғам қызметіне байланысты емес мәселелер бойынша Қоғам атынан жариялауына жол берілмейді. Педагогикалық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызмет бойынша материалдарды жариялау жеке тұлға ретінде өз атынан ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

Қоғам жұмыскеріне сыбайлас жемқорлық, біреудің мүдделерін лоббилеу, сондай-ақ кірістер мен мүлікті заңсыз алу үшін негізсіз жария айып тағылған жағдайда, ол мұндай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оны теріске шығару бойынша, соның ішінде сот тәртібімен шаралар қолдануға тиіс.

2.2 Басшының әдебі

Қоғам басшылары Қоғамның негізгі қағидаттары мен құндылықтары негізінде шешімдер қабылдайды және оларға жүктелген міндеттер үшін толық жауап береді.

Басшылар «Көшбасшылар уағыздайтын нәрсені қолданады» ережесіне сәйкес қарамағындағы жұмыскерлері мен әріптестеріне жеке үлгі көрсету арқылы әрекет етеді.


Басшылар ортақ көзқараспен біріктірілген ізбасарлардың құзыретті жұмыскерлер тобын құру бойынша үнемі жұмыс жүргізеді. Қоғам басшылары жұмыс орнында қалыптасқан жағдайды қарау кезінде, тек тексерілген фактілер мен сенімді ақпаратты ғана басшылыққа алады.

2.3. Қоғам жұмыскерлерінің міндеттері


- мемлекеттік рәміздерге - Мемлекеттік Туға, Мемлекеттік Елтаңбаға, Мемлекеттік Әнұранға құрметпен қарау;

- жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, мемлекеттік тілге және басқа да тілдерге, халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау;

- Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын орындау және өз жұмыс орнын тиісті түрде күтіп ұстау;



- осы Кодексте белгіленген әдеп талаптарын зерделеу, түсіну және адал орындау;
- адал, әділ болу және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік таныту;
- әріптестерге қолдан келгенше қолдау және көмек көрсету;
- Қоғамның имиджі мен мүдделеріне нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұру;
- қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін өзінің кәсіби дағдыларын арттыру;
- қызметтік тәртіпті мүлтіксіз сақтау, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы орындау, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалану;
- жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде өзге ұйымдардың және/немесе өзге тұлғалардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік бабын пайдаланбау;
- шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;
- Қоғам басшылығының хабарынсыз БАҚ-та, әлеуметтік желілерде және т.б. Қоғам жұмысы туралы өзінің жеке пікірін білдірмеу;
- шешім қабылдау кезінде ашықтық пен бейтараптық қағидаттарын басшылыққа алу;
- жұмыс орнында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік санитария талаптарын сақтау;
- Қоғамның мүлкіне ұқыпты қарау;
- жұмыс берушіге адамдардың өмірі мен денсаулығына, жұмыс беруші мен жұмыскерлердің мүлкінің сақталуына қауіп төндіретін туындаған жағдай туралы хабарлау;
- еңбек міндеттерін орындауға байланысты өзіне мәлім болған мемлекеттік құпияларды, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын Қоғамның құпия ақпаратын жария етпеу;
- өз әріптестерін қорлауға жол бермеу, азғындықты көрсетпеу, сондай-ақ қол ұстасумен және балағат сөздермен бірге қорлайтын сөздер айтумен жанжал туғызбау;
- Қоғамның кеңсе үй-жайларында темекі өнімдерін (темекі, сондай-ақ электрондық темекі және т.б.) пайдаланбау;
- жұмыс орнында спирттік ішімдіктер мен масаң күйге келтіретін басқа заттарды тұтынбау, сондай-ақ жұмыста мас күйінде болмау;



- жұмыс берушіге келтірілген залалды Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шектерде өтеу;

- өз құзыреті шегінде Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мақсатты жұмыс жүргізу;

- өз қызметінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы нормаларының сақталуын қамтамасыз ету.

2.4. Денсаулық және қауіпсіздік

Қоғам еңбек қауіпсіздігіне кепілдік беру үшін барлық шараларды қабылдайды. Қоғам өз жұмыскерлерінің жұмыс жағдайларын үнемі жақсартуға ұмтылады.

Қоғам өз жұмыскерлерін бағалайды және оларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес демалыс алу құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.

2.5. Жұмыскерлерді оқыту және дамыту

Біз жұмыскерлердің кәсібилігі, шеберлігі мен тәжірибесінің деңгейі біздің қызметіміздің сапасына әсер ететінін түсінеміз.

Қоғам өзін-өзі тәрбиелеуге және жетілдіруге ұмтылатын жұмыскерлерді бағалайды.

Біз бір-бірімізден үнемі үйренеміз және Қоғамда және одан тыс жерлерде қалыптасқан ең жақсы тәжірибені қолданамыз.

Қоғам корпоративішілік тәлімгерлік және кәсіби мәселелер бойынша кеңес беру жүйесін қолданады.

Қоғам жұмыскерлердің кәсіби деңгейін арттыру үшін төлемді өзінің жалпы капиталына инвестиция ретінде қарастырады.


2.6 Ақпарат алмасу

Қоғамның ішкі коммуникациялары анық, нақты және түсінікті болуы керек, әркім өзінің қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін жұмыс істеуі керек.

Ақпаратты Қоғамның ұйымдық деңгейлері бойынша «жоғарыдан төменге» де, «төменнен жоғарыға» да беру кезінде, оны бұрмалауға жол берілмейді.

Қоғам жұмыскерлерді электрондық пошта және басқа да коммуникация құралдары, корпоративтік баспа басылымдары, корпоративтік веб-сайт арқылы ақпараттандырудың корпоративішілік тәсілдерін пайдаланады.

3-бөлім. Іскери серіктестермен және контрагенттермен өзара әрекеттесу



Қоғам іскери серіктестермен өзара тиімділік, ашықтық және өзіне қабылдаған міндеттемелері үшін толық жауапкершілік қағидаттарында өзара әрекеттеседі.

Біз адал бәсекелестікті ұстанамыз.

Біз бәсекелестеріміздің қызметтері туралы қорлайтын немесе бұрыс мәліметтерді таратпаймыз.

Біз өз қызметімізде іскери әріптестер мен контрагенттерге Қазақстан Республикасының заңнамасында негізсіз және көзделмеген жеңілдіктер мен артықшылықтар беруге жол бермейміз, оларды пайдалану Қоғамның беделіне теріс әсер етуі мүмкін.

Біз іскери серіктестермен/контрагенттермен келісімшарттар/шарттар талаптарын сақтаймыз және оларға қатысты өз міндеттемелерімізді орындаймыз.

Біз серіктестерімізге қатысты адал және бейтарап болып табыламыз.

4-бөлім. Жалғыз акционермен өзара әрекеттесу

Қоғамның Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қоғамның акционері, Директорлар кеңесі мен атқарушы орган арасындағы қатынастарды айқындайтын Қоғамның Жарғысын басшылыққа алады.

Біздің акционерімізге Қоғам қызметіндегі стратегиялық маңызды оқиғалар туралы үнемі жаңартылатын шынайы ақпарат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес ұсынылатын барлық ақпарат қолжетімді.

5-бөлім. Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу


Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, мемлекеттік органдар мен жергілікті басқару органдарының актілерін, халықаралық ратификацияланған келісімдерді және оның қызметіне қатысты өзге де құжаттарды сақтайды.

Біз стратегиялық маңызды білім беру ұйымдарының Қоғамды басқаруға беруінде және мемлекеттік тапсырмаларды іске асыруда көрсетілген мемлекет тарапынан сенімді ақтау үшін бар күшімізді саламыз.

6-бөлім. Азаматтық қоғаммен өзара әрекеттесу

Біз кәсіби білім, білік және білім деңгейін және басқа да әлеуметтік бағдарламаларды арттыруға бағытталған бағдарламаларды қолдау арқылы жергілікті деңгейде де, біздің ұжым жұмыс істейтін жерде де, мемлекеттік және халықаралық деңгейде де қоғамымызға қызмет етуге тырысамыз.

Қоғам өзінің кәсіби қоғамдастық алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін мойындайды.



Қоғам беделі күмәнді заңды және жеке тұлғалармен ынтымақтастықтан бас тарта алады.

Біз сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтық пен адалдыққа қарсы күресте ынтымақ танытамыз, серіктестер мен клиенттердің өз міндеттемелерін орындауына байланысты қолжетімді ақпаратпен алмасамыз.

7-бөлім. Мүдделер қақтығысы

Біз Директорлар кеңесінің мүшелерінен бастап кез келген жұмыскерге дейін бизнес-процестің кез келген кезеңінде мүдделер қақтығысы туындамайтын шешімдер қабылдау үшін жауаптымыз.

Жұмыскерлер Қоғамның заңды құқықтары мен коммерциялық мүдделерін қорғау және сақтау жауапкершілігін өз мойнына алады.

Әрбір жұмыскер келесі міндеттемелерді қабылдайды:


- Қоғамның мүдделерін қорғау;
- ережелерді, нұсқаулықтарды, бағдарламаларды, жобалар тұжырымдамаларын және т.б. қоса алғанда, оның ішінде әзірленетін барлық қызметтік құжаттарға Қоғамның зияткерлік меншік құқығын тану;
- Қоғамның зияткерлік капиталын рұқсатсыз тарату жолын кесу;
- шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер мен басқа да ақпаратты таратпау;
- абай болу және қызметтік/ішкі/инсайдерлік/күпия ақпаратты және бұл ақпаратты бөгде адамдар еститін кез келген жерде коммерциялық күпия болып табылатын ақпаратты талқылаудан аулақ болу.

Тыйым салынады:

- Қоғам басшылығының оның жұмыскерлері тарапынан стратегиясы мен іс-әрекетін көпшілік алдында сынға салуға;
- басшылардың қарамағындағы жұмыскерлердің және бөгде адамдардың қатысуымен Қоғам жұмыскерлерінің кез келген деңгейдегі іс-әрекеттерін талқылауға;
- лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерге меншік, лауазымдық артықшылықтар, жеке байыту туралы ақпарат және пайда сияқты Қоғам ұсынатын мүмкіндіктерді пайдалануға.

Қоғам мемлекеттік органдар тарапынан да, Қоғамның лауазымды тұлғалары, әріптестері мен жұмыскерлері тарапынан да парақорлықты, бопсалауды және басқа да құқыққа қайшы әрекеттерге рұқсат етпейді.

Қоғам жұмыскерлері туралы теріс, жала жабу және бұрыс мәліметтерді таратуға ықпал ететін тұлғаларға Қоғам төзбеушілік танытады.



Қоғамнан және оның қоғам филиалдарынан үшінші тұлғалар тарапынан пара бопсалау жағдайлары туындаған жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде осы қатерді бейтараптандыру жөніндегі іс-қимылдардың толық еркіндігін өзіне қалдырады.

8-бөлім. Корпоративтік әдеп кодексінің нормаларын іске асыру

Қоғамның әрбір жұмыскері өзінің күнделікті қызметінде Қоғамның осы Кодексінің нормаларын басшылыққа алуға міндетті.

Осы Кодекстің нормаларын сақтау Қоғамның барлық жұмыскерлері үшін міндетті болып табылады.

Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, сондай-ақ жұмыскерлердің өздері де осы Кодекстің ережелерін орындауға және оның нормаларын сақтауға Қоғам алдында жауапты болады.

Осы Кодексте ашылған қағидаттар мен ережелердің негізінде Қоғам корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған қосымша ішкі нормативтік құжаттарды, іс-шаралар жоспарларын әзірлеп, қабылдай алады.

Ішкі еңбек тәртібінің белгіленген ережелерінен басқа, Қоғам осы Кодекстің нормалары мен ережелерін бұзу фактілерін Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданылатын еңбек тәртібінің бұзылуына әкелетін тәртіптік теріс қылық түрінде қарастырады.

Қорытынды және өтпелі ережелер

Қоғамның осы Кодексінің ережелеріне сәйкес корпоративтік мәдениетті қалыптастыру бойынша түрлі іс-шараларды ұйымдастыру Қоғам басшыларына және әдеп жөніндегі уәкіл – комплаенс-офицерге жүктеледі.

Осы Кодекстің ережелері Қоғамның барлық лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне қолданылады және орындау үшін міндетті болып табылады.

Қоғамның профессорлар мен оқытушылар құрамына Қоғамның Педагогикалық әдеп кодексінің ережелері де қолданылады.

Осы Кодекс Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен кезден бастап не Директорлар кеңесінің шешімінде көрсетілген күннен бастап күшіне енеді.

Кодекске өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде енгізілуі мүмкін.

